«БЕКІТІЛДІ»

Мектеп директоры:

Исатаева Б.Г. 01.08.2023

**«Еркіншілік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ мектепішілік бақылауды ұйымдастыру бойынша жұмыс жоспары**

***2023-2024 о.ж***

***Түсінік хат***

Білім беру саласындағы инновациялармен байланысты динамикалық өзгерістер мектеп әкімшілігінен білім беру процесін тиімді іске асыру үшін өзгерістерді жоспарлау мен басқаруда жаңа тәсілдерді талап етеді.

Білім беру ұйымының заманауи басшысында басқару құзыреттілігі болуы тиіс, өзінде стратегиялық көшбасшылық дағдыларын дамыта отырып, бүкіл мектеп командасының тиімді жұмыс нәтижесін көрсете алуы керек. Білім беру процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымы қызметінің барлық бағыттары бойынша мектепішілік бақылауды сапалы жоспарлау мен жүзеге асыру маңызды.

Бақылауға және жақсартуға байланысты басқарушылық міндеттерді іске асыру үшін жыл сайын әрбір мектеп "Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың Тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы" ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына сәйкес мектепішілік бақылау жоспарын әзірлейді (бұдан ары - МІБ).

Мектепішілік бақылау жоспары 6 бағыттан тұрады:

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын және талаптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау;
2. Оқу процесінің сапасын бақылау;
3. Оқушылардың білімдегі олқылықтарының орнын толтыру бойынша және үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты бақылау;
4. Оқу-зерттеу қызметі;
5. Мұғалімнің шеберлік деңгейі мен әдістемелік дайындығының жай-күйін бақылау;
6. Тәрбие процесінің сапасын, іс-шараларды өткізуді бақылау.

Мектепішілік бақылауды жоспарлау алдында аналитикалық деректерге сүйене отырып, білім беру қызметтерінің сапасын арттыру мәселесін шешу үшін күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерді анықтау мақсатында SWOT талдауын жүргізген жөн.

6 бағытқа назар аудара отырып, әр мектептің әкімшілігі оқу жылының соңында бақылау объектілерін анықтайды және нақты білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін жетілдіру идеясына бағытталған басқару шешімдерін болжайды.

Мектепішілік бақылау жоспарын іске асыру бойынша әзірленген Нұсқаулық мектеп басшысы мен орынбасарларын қамтитын басқару тобына мектепішілік бақылауды іске асыруға жауапты барлық бағыттар бойынша тиімді басқару шешімдерін қабылдаудың пәрменді моделін құруға көмектеседі.

Нұсқаулықта нақты мектептің жағдайына бейімделуге болатын келесі материалдар берілген:

1. Бақылаудың әрбір бағыты бойынша «Басқару шешімдерінің матрицасы»;
2. Мектепішілік бақылау Жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары.

Ұсынылатын материалдың әр нұсқасы тәжірибелік тұрғыдан құнды, өйткені оқу-тәрбие процесінің барлық көрсеткіштерінің жақсаруымен қатар, күшті жақтарын арттырып, қауіптерді азайту үшін МІБ жоспарын қолайлы, өзекті етуге мүмкіндік береді.

«Басқару шешімдерінің матрицасы» - қауіптерге негізделген объектілерді анықтауға арналған ыңғайлы алгоритм, ол сонымен қатар анықталған мәселені түзету немесе жою үшін басқарушылық шешімнің нұсқасын ұсынады. Жүргізілген жұмыстың тиімділігі мен тартылған әкімшілік ресурстардың орындылығы басқарушылық шешімдерді таңдауға байланысты болады.

МІБ жоспарының үлгілері мен жалпыланған нұсқалары бақылау жоспарының тақырыбын, мақсатын, түрін және басқа элементтерін анықтауда қиындықтары бар мектеп командалары үшін пайдалы болады.
МІБ жоспарлау кезінде SMART критерийлеріне сәйкес келетін (нақты, өлшенетін, қолжетімді, шынайы, уақытпен шектелген) бақылау мақсатын қоюға ерекше назар аудару қажет.

Әдістемелік бірлестік жетекшілерін, тәжірибелі педагогтарды, шығармашылық топтарды жұмысқа тарта отырып, мектеп командасының әрбір субъектісінің жауапкершілік дәрежесін дұрыс бөлу маңызды. Әр мұғалім мен сынып жетекшісі өз жұмысының әлсіз жақтарын дербес анықтап, жағдайды өз құзыреті шегінде түзететін өзін-өзі бақылау құралдарын әзірлеу басқарудың тиімді қадамы бола алады.

**Анықталған мәселелер мен қауіптер бойынша басқару шешімдерінің матрицасы**

Бақылау объектілері мен қауіптер алдыңғы оқу жылының нәтижелеріне егжей-тегжейлі жасалған SWOT талдауы негізінде анықталады. Директордың орынбасары, ӘБ жетекшісі, осы бағытқа жауапты мұғалім алгоритм бойынша келесі компоненттерді таңдай отырып, әрекет етеді: бақылау объектілері-мәселелер, қауіптер- басқарушылық шешім нұсқасын таңдау- бақылаудың циклы нақты мектептің жағдайына байланысты жүреді.

## VI. ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС –ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ

| № | Бақылау нысаны | Мәселелер мен қауіп-қатерлер | Басқарушылық шешім жолдары |
|---|---|---|---|
| 1 | Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы жоспарын тексеру және бекітуді іске асыру | 1. Жоспардың нормативтік құжаттарға сәйкес келмеу қаупі<br>2. Жоспардың уақтылы іске асырылмауы<br>3. Жоспардың жекелеген бағыттарын іске асырудың формалды тәсілі | Сынып жетекшілердің ӘБ тәрбие жоспарын талқылау және жүзеге асыру<br>Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыстарды күшейту, енді бастаған сынып жетекшілерге қолдауларды ұйымдастыру. |
| 2 | 2. Тәрбие үрдісі | 1. Тәрбиелілік деңгейі төмен, девиантты және деструктивті мінез-құлықты білім алушылар санының ұлғаю қаупі, буллинг, зақымдану жағдайларының көбеюі<br>2. 1, 5-сыныптардағы білім алушылардың, жаңадан келген оқушылардың нашар бейімделуі нәтижесінде үлгерімнің төмендеу қаупі<br>3. 8-9 сынып білім алушыларын кәсіптік бағдарлау бойынша формалды жұмыс қаупі | Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмысты күшейту<br>Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын күшейту<br>Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің сынып пен мектептің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру<br>Колледждер мен жоғары оқу орындарының түлектерін, оқытушылары мен студенттерін, әр саланың кәсіби мамандарын тарта отырып, кәсіптік бағдарлау жұмысының нысандарын әр түрлі ету |
| 3 | Білім алушылардың өзін-өзі басқаруға тартылуы, мектептің тәрбие процесіне белсенді катысуы | Оқушылардың пассивті ұстанымы қалыптасуы,өздігінен ұйымдастыру қабілетінің болмауы және іс-шараларды өткізуге құлқының болмау қаупі | Сынып жетекшілерімен бірқатар оқыту әдістемелік іс-шараларын өткізу<br>Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жүйесін өзгерту |
| 4 | Мектеп пен отбасының әрекеттестігі | 1.Оқушылардың заңды өкілдерімен, ата-аналарымен немқұрайлы түрде жұмыс атқару қаупі<br>2.Мектептің тәрбие жұмысына ата-аналардың пассивті түрде қарау қаупі | Сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмысты күшейту (оқыту семинарлары, ата-аналар жиналыстарын бірлесіп әзірлеу, ата-аналармен өзара іс-қимылдың жұмыс нысандарының әртүрлілігі және т.б.)<br>Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің сынып пен мектептің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру |
| 5 | Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету<br>Зорлық-зомбылықтың алдын алу | 1.Турникет пен бейнекамера жұмысының істен шығу қаупі.<br>2.Оқушылар өмірінің қауіпсіздігіне жауапты сынып жетекшісінің немқұрайлы қарау қаупі.<br>3.Отбасындағы, мектептегі зорлық-зомбылық, қорлау,буллинг жағдайлары анықталғанда әлеуметтік педагог пен психолог жұмысындағы немқұрайлылық қаупі. | Бейнекамералардың, турникеттің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету<br>Сынып жетекшісінің қауіпсіздік, төзімділік мәселелері бойынша, ұжымдық құндылықтарды қалыптастыру бойынша сыныбымен жұмыс істеу әдістері мен нысандарының орындылығын анықтау<br>Психолог пен әлеуметтік педагогтың, сынып жетекшілерінің жұмысын күшейту мақсатында |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4.Оқушылар ұжымындағы тұлғааралық проблемалардың алғашқы сигналдарын елемеу қаупі. | қақтығыстардың туындау жағдайларын, буллинг жағдайларын мониторингтеу және талдау<br>Ата-аналардың, ата-аналар комитетінің тәрбие жұмысына тартылуын арттыру<br>Мектепте зорлық-зомбылық, бұллинг, қауіпсіздікті бұзу фактілерін анықтау үшін оқушылар мен ата-аналарға сауалнама жүргізу |
| 6 | Қосымша білім беру мен сыныптан тыс жұмысты жүргізу деңгейі | Үйірме жұмыстары мен спорттық секциялардың формальды түрде ұйымдастырылуы<br>«Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдарының өзін-өзі басқару органдарымен әлсіз жұмысыс<br>«Балалар және театр», дебаттық қозғалыс, «Оқуға құштар мектеп» жобаларының жұмыстарын формальды түрде ұйымдастыру | Спорттық секциялар мен үйірмелердің жұмысына оқушылар мен ата-аналардың қанағаттануына мониторинг жүргізу<br>Сынып жетекшілерімен, үйірмелер мен секциялар басшыларымен әдістемелік жұмысты күшейту<br>Оқушылардың өзін-өзі басқаруының, сыныптан тыс жобаларға қатысушылардың жұмысын күшейту |
| 7 | Оқушылардың жазға демалысын ұйымдастыру жұмыстары | 1.Жазғы демалыс кезінде оқушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың формальды түрде өту қаупі.<br>2.Мектеп жанындағы лагерьге баратын оқушылардың саны аз болуы қаупі . | Жазғы кезеңде жалпы орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру.<br>Оқушылар мен ата-аналардың сұраныстарын зерделеу негізінде мектеп жанындағы лагерьдің жұмыс жоспарын әзірлеу.<br>Мектеп жанындағы лагерьде балалардың қауіпсіздігі жүйесін қамтамасыз ету. |
| 8 | Оқушылардың қатысуы | 1. Білім алушылардың білім беру сапасын төмендету қаупі.<br>2. Құқық бұзушылықтардың туындау қаупі.<br>3. Қараусыз қалған мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу сапасын төмендету қаупі. | Қоғамдық жұмысқа және өзін-өзі басқаруға рұқсаттама бойынша тәуекел тобындағы оқушыларды тарту жоспарын әзірлеу.<br>Жол берілмеушіліктің алдын алу бойынша іс-шаралар өткізу (әңгімелесу, сынып сағаттары, жиналыс, ұлдар, қыздар кеңесінің отырысы).<br>Ата-аналарды жауапкершілікке тарту. |
| 9 | Әлеуметтік әлсіз топтағы балалармен жұмыс | 1. Әлеуметтік қорғаусыз қалған отбасыларға материалдық көмекті уақтылы көрсетпеу қаупі.<br>2. Тегін ыстық тамақпен, демалыс лагерьлеріне жіберумен, өзге де материалдық заттармен уақтылы қамтамасыз етілмеу қаупі. | Әлеуметтік аз қамтылған топ балалардың қажеттіліктерін анықтау, жанұялармен сынып жетекшілердің, психологтардың жұмысын бақылауды күшейту.<br>Директор жанындағы отырыс, хаттама. |
| 10 | 10. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жұмыс (ЕБҚ) | Ерекше білім беруді қажет ететін бабалар үшін қауіпсіз, қолайлы орта қалыптастыру жұмыстарының формальды түрде жүру қаупі. | Директорлар, сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог, психолог орынбасарларының жұмысын күшейту<br>ЕБҚ балалардың ата-аналарына сауалнама жүргізу, проблемаларды анықтау және оларды шешу. |

**МЕКТЕПІШІЛІК БАҚЫЛАУ ЖОСПАРЫ**
**ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІНІҢ, ӨТКІЗІЛГЕН ІС –ШАРАЛАРДЫҢ САПАСЫН БАҚЫЛАУ**

| № | Бақылау тақырыбы | Бақылау мақсаты | Бақылау объектісі | Бақылау түрі | Бақылау әдістері | Орындау мерзімдері | Жауаптылар | Қарау орны | Басқарушылық шешім | Екінші бақылау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Тәрбие жұмысында нормативтік құжаттардың басшылыққа алынуы | Құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау | Тәрбие жұмысының жоспары | Фронталды | Құжаттамаларды зерделеу | 28.08.23ж 05.01.24ж | Директор | ДЖК | | Қаңтар |
| 2 | Тәрбие жұмысын ұйымдастыру | Тәрбие жұмысының басымдықтарын және сапасын анықтау | Сыныпжетекшілерінің жұмысы | Фронталды | Жоспардың орындалуын бақылау, талдау | 28.08.23ж 05.01.24ж | ДТІЖО | СЖО | | Қаңтар |
| 3 | Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жоспарын бекіту және тексеру | Құжаттардың бірыңғай талаптарға сәйкестігін назарда ұстау | Сыныпжетекшісінің жұмыс жоспары | Тақырыптық | Құжаттамаларды зерделеу | 31.08.23ж | ДТІЖО | ДЖК | | 28.08-31.08.23ж |
| 4 | Мектептің отбасы мен өзара әрекеттесуі | Отбасы мен мектеп арасындағы байланысты қадағалау | Ата-аналар мен жұмыс | Тақырыптық | Сауалнамалар, сұқбат тасу | Ай сайын | ДТІЖО | Штаб отырысы | Әңгімелесу, кеңесу | Кезекті |
| 5 | Ата-аналармен жұмыс жасауды ұйымдастыру | Мектеп-оқушы-ата-ана триадасының жұмыс сапасын бағалау | Ата-аналар мен жұмыс | Тақырыптық | тәрбие сағаттарының жоспарлары, жиналыстархаттамалары ресуртар | Тоқсан сайын | ДТІЖО | ӘКО | Әңгімелесу, кеңесу | Қыркүйек, қараша, қаңтар, сәуір |
| 6 | Тәрбие сағаттарының тиімділігі | Сынып сағатының мазмұнына және тәрбиелеу мен оқытудың жаңа тәсілдерін енгізуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету | 1-3 сыныптар 5-7-сыныптар 8-9-сыныптар | Фронталды | Сынып сағаттарын бақылау, талдау, сұқбаттасу | Қыркүйек Қараша Қаңтар Наурыз Мамыр | ДТІЖО | ӘКО | Әңгімелесу, кеңесу | Қараша Қаңтар Наурыз Мамыр |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | Білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру | Сабақтан тыс уақытта және үйірмелерде қосымша сабақтарға қатысатын балаларды ынталандырудағы ата-аналардың рөлін анықтау | 1-9-сыныптар | Фронтал ды | Құжаттамаларды зерделеу, сұқбаттасу, сауалнама лар | Жарты-жыл сайын | ДТІЖО | ДЖК | Әңгімелесу, кеңесу | Қаңтар |
| 8 | Спорт секциялары мен үйірме жұмыс тарының жүргізілу деңгейі | Үйірме бағдарламасы ның сабақ мазмұнына сәйкестігін анықтау, оқушыларды үйірме лер мен спорт секция ларының жұмысына тарту процесіндегі қиындықтарды диагностикалау | 1-9-сыныптар | Фронтал ды | Сауалнама, сұқбаттар алу, диагнос тика жасау | Тоқсан сайын | ДТІЖО | ДЖК | Сайыстар | Тоқсан сайын |
| 9 | Білім алушыларды білім беру ұйым дарындағы тәрбие үдерісін басқаруға тарту | Оқушыларды тәрбие процесіне тартудың, олардың іс-шараларға белсенді қатысуын қолдаудың пәрменді тәсілдерін зерделеу | Оқушылар қауымдас тығы | Тақыры п тық | сауалнама, жоспарларды зерделеу, сұқбаттасу | Тоқсан сайын | ДТІЖО | СЖО | сұқбаттасу | қараша |
| 10 | «Жас ұлан», «Жас қыран», өзін-өзі басқару ұйымдары ның жұмысы | «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйымдары, өзін-өзі басқару орган дары жұмысының тиімділігін айқындау | Өзін-өзі басқару ұйымы | Тақыры птық | Құжаттама ларды зерде леу, ашық сұ рақтар бойынша сұқбат жүргі зу | Тоқсан сайын | ДТІЖО | ӨӨБ ҰО | Қадылдау | Мамыр |
| 11 | Сабақтан тыс тәрбиелік жобаларды ұйымдастыру және оны іске асыру | «Оқуға құштар мектеп», дебаттық қозғалыс, «Балалар және театр» акциясын өткізу сапасын анықтау | Тәлімгердің жұмыстары, тәрбие орынба сары | Тақыры птық | жобалардың жоспарларын зерделеу, іс-шараларды талдау | Тоқсан сайын | ДТІЖО | ҒӘК | Әңгімелесу, кеңесу | Жыл бойы |
| 12 | «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы | Әлеуметтік қорғаусыз қалған отбасы бала ларына материалдық көмек көрсетудің сапасын анықтау | Әлеуметтік педагог | Тақыры птық | Құжаттарды зерделеу, сауалнама | Жыл бойы | ДТІЖО Әлеумтті к-педагог | ДЖК | Акция ұйымдастыр у | Жыл бойы |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 13 | Әлеуметтік қорғалмаған отбасы топтарына жататын білім алушылардың санатын анықтау және құжаттарын жинақтау | Жазғы лагерьге тегін ыстық тамақпен, жол дамалармен, өзгеде материалдық көмекпен қамтамасыз ету | Әлеуметтік қорғалмаған отбасы лар | Тақырып тық | Құжаттама ларды зерделеу, жабық сұрақтар арқылы сұқбат жүргізу | Тоқсан сайын | ДТІЖО Әлеумтті к-педагог | ДЖК | жабық сұрақтар арқылы сұқбат жүргізу | Тоқсан сайын |
| 14 | Тегін тамақтануды ұйымдастыру сапасы | Әлеуметтік осал отбасылардағы оқушылардың ыстық тамақтануын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау | Әлеуметтік әлсіз отбасылар, оқу ісі жөнін дегіорынбасар | Тақырыптық | асханада бақылау жүргізу, ашық сұрақтармен сұқбаттасу | Күнделікті | ДТІЖО Әлеумтті к-педагог | ДЖК | Асханада бақылау сұқбаттасу | Жыл бойы |
| 15 | Оқушыларға тегін ыстық тамақ беруді ұйымдастыру | Білім алушылардың ыстық тамағын ұйым дастыруы үшін қолай лы жағдай жасау және азық-түліктің санитар лық-гигиеналық қауіп сіздігін қамтамасыз етуілуін бақылау | 1-3 сынып тар | Фронталды | бақылау, құжаттамаларды зерделеу, әңгімелесу | Күнделікті | ДТІЖО Әлеумтті к-педагог | СЖО | Тамақтану ережелерін сақтау | Тамыз |
| 16 | Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қызметтін ұйымдастыру және әлеуметтік педагог пен психологтың бірлескен жұмыс жоспарының орындалуы | Буллинг/кибербуллинг жағдайларын уақтылы анықтау; зорлық-зомбылықты, өзін-өзі бұзатын мінез-құлықты болдырмау | Психологтар | Фронталды | Құжаттама ларды зерделеу, сауалнамалар алу, сұқбаттасу | Тоқсан сайын | ДТІЖО | ҒӘК/ ПК | Бақылау сұхбаты | Тоқсан сайын |
| 17 | Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен | Оқудағы және тұлғалық дамудағы қиын дықтарды анықтау, инклюзивті | Мұғалім дердің, дефектологтың, | Тақырыптық | ҚМЖ жоспарларын талдау, сабақтар мен сынып сағат | Жыл бойы | ДТІЖО Әлеумтті к-педагог | ДЖК | | Жыл бойы |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыс істеу ерекшеліктері | оқытуды талап ететін оқушы лардың құжаттарын зерделеу | логопедтің, психологтың жұмысы | | тарын бақылау, сұқбаттасу | | | | | |
| 18 | Қолайсыз отбасы ларға, «Тәуекел топ тары» оқушыларына әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бойынша жұмыстың жай-күйі (жеке консуль тациялар) | Құқық бұзушылыққа бейім, сабақты дәлелсіз себептермен өткіз бейтін және теріс қылықтар жасайтын оқу шылармен профилак тикалық іс-шара лардың сапасын диагностикалау | Тәуекел топтағы балалардың құқық бұзу шылықтарын ың ал дын алу бойынша жұмыс | Тақыры птық | Құжаттамаларды зерделеу, сауалма наларалу, бақылау | Кезекті | ДТІЖО Әлеумтті к-педагог Педагог-психолог | Штаб отыр ыс/ Штаб кеңесі | Бақылау сұхбаты | Кезекті |
| 19 | 8-9 сынып оқушы ларының кәсіптік бағдарлау жұмыста рының жай-күйі | Кәсіптік бағдар бойынша жұмыс тиімділігін диагностикалау | Бірлескен жұмыс жоспары | Фронтал ды | Жоспарларды талдау | Қыркүйек / қазан | ДТІЖО | ДЖК | Бақылау сұхбаты | Қаңтар |
| 20 | Кәмелетке толма ғандар арасындағы құқық бұзушылық тың алдын алу жөніндегі жұмыс тың жай-күйі | Қалалық, аудандық ІІБ, Наркопост ұйым дарымен бірлескен жұмыстың болуын және іске асырылуын бақылау | Бірлескен жұмыс жоспары | Фронтал ды | Жоспарларды талдау | тамыз желтоқса н сәуір | ДТІЖО | ҒӘК | Бақылау сұхбаты | Желтоқса н Сәуір |
| 21 | Кәмелеттік жасқа толмағандар ара сында құқықбұзу шылықтың алдын алу бойынша жұ мыстың жағдайы | Оқушылардың бос уа қытын ұйымдастыруға қойылатын талаптарды сақтау, демалыс кезінде құқық бұзушы лықтардың, қауіпсіз діктің алдын алу | 1-9 сынып оқушыларын ың демалысы, жазғы демалы сы | Фронтал ды | Құжаттарды, жиналыс хаттамаларын зерделеу | Тамыз, желтоқса н, сәуір | ДТІЖО | ДЖК | Бақылау сұхбаты | Желтоқса н, сәуір |
| 22 | Ұлдар мен қыздар кеңестерінің жұмысы туралы | Құқық бұзушылыққа, қауіпсіздікке кеңес беру, қолдау және алдын алу жөніндегі кеңестер жұмысының | Ұлдар мен қыздар кеңестерінің жұмысы | Фронтал ды | Құжаттама ларды зерде леу, жиналыстар хаттамалары | Кезекті | ДТІЖО | СЖО | Ақпарат | Ақпан |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | оң нәтижелерін зерделеу | | | | | | | | |
| 23 | Медицина қызмет керінің жеке гигиена дағдыларын қалыптастыру бойынша профилакти калық жұмысының нәтижелері | Білім алушылардың бірыңғай гигиеналық талаптарды сақтауын қамтамасыз ету | 1-9-сынып оқушылары | Тақыры птық | Құжаттаманы зерделеу, сауалнама жүргізу, бақылау | Ай сайын | ДТІЖО Мектеп медбікесі | Кеңес | Ақпарат | Ақпан |

ПК-Педагогикалық кеңес
ДЖК-Директор жанындағы кеңес
ҒӘК-Ғылыми әдістемелік кеңес
СЖО-Сынып жетекшілер отырысы
ӨӨБҰО- Өзін-өзі басқару ұйымының отырысы
ДТІЖО-Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
ОҒҚ-оқушылардың ғылыми қоғамдастығы